

2020 жылға дейінгі мерзімге арналған Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарының жобасын бекіту туралы

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған ХІІІ сессиясының 2001 жылғы 31 қазандағы Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 14 қарашада N 402 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ Қазақстан Республикасы заңының 6 бабына және Алматы қаласы әкімінің ұсынымына сәйкес ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады:

1. 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарының жобасы келісілсін (NN 1, 2, 3) және 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған Алматы қаласын дамытудың Бас жоспарының жобасы бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынылсын.

2. Алматы қаласының әкіміне ұсынылсын:

- жыл сайын қала аумағын дамытудың Бас жоспарын жүзеге асыру бойынша жобалау-жоспарлау жұмыстары үшін қала бюджетінен қаражат қарастырылсын;
- Алматы қаласын аумағын дамытудың Бас жоспарын жүзеге асыруға шетел және отандық инвесторларды тарту бойынша жұмыстар өрістетілсін.

Қала аумағындағы жобалау жұмыстарының және құрылыс салудың сапасын арттыру мақсатында бұл жұмыстар тендер арқылы конкурстық негізде жүргізілсін.

3. Алматы қаласы сәулет және қала құрылысы департаменті "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Z010242_ Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Алматы қаласының аумағында құрылыс салу тәртібін әзірлесін және оны Алматы қалалық

Мәслихатының кезекті сессиясының бекітуіне ұсынсын.

4. Осы шешімнің орындалуын қадағалау мәселелері экономика және өндірісті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.И. Шелипанов) және Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Я.И. Заяцқа жүктелсін.

ІІ-ші сайланған

Алматы қалалық Мәслихаты

ХІІІ сессиясының төрағасы

ІІ-ші сайланған

Алматы қалалық Мәслихатының

ХАТШЫСЫ

II-шақырылған Алматы

қалалық Мәслихатының
XIII сессиясының
2001 ж. 31 қазандағы
шешіміне N 1 қосымша

Алматы. Бас жоспар. Негізгі жоспар. (сурет)

II-шақырылған Алматы

қалалық Мәслихатының
XIII сессиясының
2001 ж. 31 қазандағы
шешіміне N 2 қосымша

Алматы қаласының 2020 жылға дейінгі мерзімді қамтитын
бас жоспарының негізгі ережелері

Жалпы ережелер

Бас жоспардың негізгі мақсаты - экологиялық қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік ыңғайлы тіршілік ортасын құруға бағытталған қалақұрылыстық шаралар кешенін жүргізу. Басты архитектуралық-қалақұрылыстық идея: Алматы қаласының "бақ-қала" ретінде келбетін сақтау және қалыптастыру.

Астана қызметінің Астана қаласына берілуіне қарамастан, Алматы қаласы ғылым және білім, халықаралық туризм орталығы, жоғары технологиялар өндірісі, қаржы-кәсіпкерлік қызметін атқаратын республиканың ірі қаласы болып саналады.

2001 жылы 27 шілдеде Үкімет Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту Тұжырымдамасын қабылдады.

Алматының төңірегіннің тамаша табиғаты, асқар таулары мен өзен-көлдері демалыс және туризмді қалыптастырып, Алматыны халықаралық туризм орталығы ретінде дамытуға зор мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың индикаторлары

Бас жоспар бойынша қала халқының болжамды саны 2020 жылға дейін 1500 мың адам құрайды, соның ішінде тұрақты халық - 1300 мың адам.

Алматының негізгі қалақұрылыстық даму бағыттарының тиімді экономикалық индикаторлары 1999 жылмен салыстырғанда 2020 жылға дейін ұлғаюы:

жалпы аймақтық өнім өндірісінің көлемі 3 есе;

салыстырмалы бағада капитал жұмсау көлемі 2,5 есе;

кірістің кісі басына өсуі 2 есе болып табылады.

Тұрғын ортаны кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары орташа тұрғын үймен қамтамасыз етуді орта есеппен 1 адамға 22 м² жеткізу, ал қаланың барлық тұрғын қорын 27,5 млн. м² көбейту қарастырылып отыр. Құрылыс салу бос аумақтарда, сонымен қатар ескі үйлерді бұзу есебінен жүргізіледі. Талаптардың барған сайын өсуі ескеріліп, жеке тұрғын үй құрылысының үлесі айтарлықтай кең етек алып отыр. Көпшілік ірі панельді құрылыс салудың алғашқы жылдарындағы тұрғын аудандарында қайта жаңғырту жұмыстары белгіленіп отыр.

Қызмет көрсету объектілерінің қорын 2-ден 5 млн. ш.м. - дейін көбейту қарастырылып отыр, соның ішінде, әрбір қызмет түрінің нормативті деңгейіне дейін әлеуметтік кепілдегі объектілер.

Туристік мекемелердің сыйымдылығын 24,6 мың орынға дейін, соның ішінде, мейманхана жүйелерін 5,8-ден 7,8 мың орынға дейін ұлғайту белгіленіп отыр.

Архитектуралық-жоспарлау шешімі

Қалақұрылыстық даму басты жоспарлау өзектерінің бойымен қала шекарасында

жаңа аумақтар игеру есебінен іске асырылады: батыс бағытта - Райымбек д. - Алматы - Бішкек автожолы, шығыста - Талғар жолы, солтүстікте - Қапшағай тас жолы, шығыста - Талғар жолы, сондай-ақ, құрылыс салынған аумақтарды қайта жаңғырту есебінен.

Қаланың болашақтағы жоспарлау құрылымын қалыптастырудың негізгі табиғи-экологиялық және көліктік каркас болып табылады.

Қала функционалдық аймақтарға бөлінген: қоғамдық, тұрғын, өндірістік, табиғаттық, мамандандырылған және аралас мақсаттағы.

Қоғамдық орталықтар жүйесі қалалық және жергілікті қызмет көрсету деңгейлерінде көрсетілген: жалпықалалық орталық түйіні, 1-ші деңгейдегі жалпықалалық орталықтың көпфункционалды тораптары (Абай даңғылы және Қарғалы өзені, Алматы I темір жол стансасының маңы, шығыста Құлжа жолының бойымен), басты магистральдардың бойымен магистраль маңы аумақтары (Абай, Райымбек, Сейфуллин, Төле би, Жансүгіров, Шемякин, Жандосов, Фурманов, Достық), 2-ші деңгейдегі СОЦ тораптары, мамандандырылған орталықтар және қоғамдық қызмет көрсетудің жергілікті орталықтары.

Жалпықалалық орталықтың өзегі құрылыс салудың қалыптасқан архитектуралық келбетін барынша сақтай отырып, тарихи аймақ ретінде құрылады. Бас жоспарда тарихи және археологиялық ескерткіштер базасында мәдени-тану орталықтарын құрып, тарихи-мәдени қорды ары қарай сақтау бойынша шараларды өткізу ұсынылады: "Ұлттық-этнографиялық" (боралдай сақ қорғандары аймағында) және "Ежелгі Алматы" (қалаға кіре беріс шығыс жақта).

Қаланың басты магистральдарын бойлай қоғамдық-іскерлік құрылыс салу жұмыстары жалғасып жатыр - Абай, Райымбек даңғылдары, Жансүгіров, Төле би, Жандосов, Сейфуллин көшелері. Қаланың оңтүстік бөлігінде, Есентай (Весновка) өзенінің батысында Олимпиада ауылын ашу белгіленіп отыр.

Табиғи ландшафт аумақтарының үлес алаңын - бір тұрғынға 35-тен 40 ш.м. дейін, соның ішінде, жалпы пайдаланудың көгалдандырылған аумағы - бір адамға 9,7-ден 16 ш.м. дейін көтеру бас жоспарда қарастырылып отыр.

Экологиялық жағдайды жақсарту және аумақтарды тиімді пайдалану мақсатында бас жоспар жобасында өндірістік аумақтарды қайта құру, олардың жалпы аумағын 2,4-тен 1,9 мың га дейін қысқарту ұсынылып отыр. Жаңа өнеркәсіптік аймақтарды ұйымдастыру қарастырылмайды, бұрыннан бар өнеркәсіп кәсіпорындары экологиялық қолайлы технологиялық процестерге бағытталады.

Көліктік инфрақұрылымды дамыту

Қала ауасын ластауды негізгі көзі көлік болып табылады (барлық зиянды қалдықтардың 80%). Сондықтан, бас жоспарда көше-жол желілерін жетілдіру, метрополитенді іске қосу, электрокөлік үлесін көбейту, қозғалыс құрамын жетілдіру,

автомайқуо стансалары мен техникалық қызмет көрсету жүйелерін дамыту көрсетіледі . Аумақты ұйымдастырудың құрылымдық-жоспарлау шешімі үш негізгі көлік айналма жолдарын құруды қарастырады:

үлкен Алматы айналмалы жолы (ҰААЖ), ұзындығы 103 ш.м.;
орташа көлік айналма жолы (Талғар жолынан Майлин көшесіне дейін,

Бекмаханов к., Боралдай тас жолы, Теренқара өз., Боралдай өз., Саин д.,
Әл-Фараби д., Оңтүстік-Шығыс жартылай айналма жобаланатын жолдары)- 55 км;
шағын көлік айналма жолы (Райымбек д., Мұқанов к., Байзақов к.,
ҚазМҰУ батыс аумағындағы эстакадада жаңа учаске жолы, Оңтүстік-Шығыс
жартылай айналма жолы) - 32 км.

Қала шекарасында жаңа аумақтарды игеру есебінен, магистральды және
тұрғын көшелердің ұзындығын ұлғайту әр түрлі деңгейдегі қала
магистральдары мен көшелерінің қиылыстарын салу белгіленіп отыр.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту

Сумен жабдықтау

Бас жоспарда қаланы сумен жабдықтау жүйесін дамытудың келесі
бағыттары қарастырылады:

шаруашылық-ауыз су, өндірістік және өртке қарсы су құбырларының
аймақтық жүйесін сақтау және дамыту;

су ғимараттарының жаңа құрылысы және қайта жаңғыртуы есебінен су жабдығы
жүйесінің сенімді деңгейін арттыру, жаңа су құбырларын салу және бұрыннан бар
құбырларды қайта жаңғырту;

шағын қабатты құрылыс аудандарында тұрақты сумен жабдықтауды қамтамасыз
ету (Шаңырақ 1+6, Әйгерім, Ұлжан, Школьник 1, 2, Дубок, Таугүл 3, Дархан, Қалқаман
2, 3, Думан 1, 2 т.б), сондай-ақ, қала шекарасына кіретін поселкелер (Кирово, Трудовик
, Өжет, Ақбұлақ, Дружба, Қарасу және т.б.) жаңа қалақұрылыстық игеру аудандары (
Алғабас п. шығыс, Первомайка п. батыс, Мамыр тұрғын ауданы);

қаланың бұрыннан бар су жабдығының көздерін сақтау және дамыту (Үлкен
Алматы және Кіші Алматы өзендерінің үстіңгі науалары, Алматы және Талғар жерасты
суларының шыққан орны);

қоршаған ортаны жақсарту есебінен судың сапасын арттыру және жер бетіндегі су
көздерінің аймағында су пайдалану жағдайларын жақсарту, сондай-ақ, біртіндеп қайта

жаңғырту арқылы барлық су құбырлары стансаларын жаңашаландыру және су тазалаудың жаңа технологияларына көшу.

Іркінді су құбыры

Канализация жүйесін дамыту жағынан бас жоспарда қарастырылды:

канализация жүйелерінің қызметінің сенімділігін жоғарылату, жалпы қуаты 626 тәу/мың. м³;

канализация жүйесін дамыту, жаңа магистральдық коллекторлар салу, жарамсыз болып табылатын "ескі" желілерді қайта төсеу, жаңа насостық стансалар салу (2), қысымды су құбырларын салу (37 км), Ү.Алматы өз. арқылы дюкер салу (4км), балық тоғандары арқылы өту (1 км);

қала канализациясына зиянды заттардың қалдықтарының тасталуына жол бермеу, аэрация стансаларында жаңа биологиялық тазалау технологияларын енгізу мақсатында кәсіпорындардың технологиялық процесстерін жетілдіру есебінен ағынды суларды тазалаудың сапасы мен технологиясын жетілдіру.

Жылумен жабдықтау

Алматы қаласының бас жоспарында жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары болып табылады:

қазіргі заманғы технологиялар мен жабдықтар базасында қалыптасқан жылу жабдығы жүйесін жетілдіру, техникалық қайта жарақтау, дамыту;

жеке тұтынушылардың мұқтажына орталықтандырылған жылу жабдығы аймақтарында қазіргі заманғы, жоғары сапалы және дәстүрлі емес жылу көздері мен электр энергияларын енгізу;

Жылумен қамтамасыз ету жүйесінде:

негізгі отын табиғи газды пайдаланатын АТЭЦ-1 жабдықтарын жаңа, экологиялық таза, қуаттылық 1300 гкал/са^ж жабдықтарына біртіндеп ауыстыру;

АТЭЦ-2 екі энергетикалық қазандықтары мен бір турбоагрегаттарын ұлғайту. АТЭЦ-2 негізгі отыны ретінде жоғары сапалы көмір қолдану ұсынылады. Табиғи газ буферлік ретінде пайдаланылады, белгіленген қуаттылығы 1700 Гкал/са;

Батыс жылу ауданында АТЭЦ-2 жаңа жылу магистральдарын салу, жалпы

ұзындығы 30 км, насостық-қоспа стансасы бар ұзындығы 13 км АТЭЦ-2 және АТЭЦ-1 жылу магистральдарын салу;

электр энергиясын пайдалану немесе газбен жанатын қазандық салу есебінен Батыс аудандағы көпқабатты жаңа құрылыс салу аймағын жылумен

жабдықтау;

Солтүстік жылу ауданында (Первомайка пос. батыс) газбен жанатын жаңа солтүстік қазандығын салу;

қазіргі жабдықтарды қолданып оңтүстік аудандық қазандықтарды қайта жаңғырту, жаңашаландыру, дамыту;

жаңа жылу жүйелерін салу және бұрынғыларды қайта жаңғырту.

Электрмен жабдықтау

Бас жоспарда электр жабдығын дамытудың екі варианты көрсетілген

Минимальді варианты - бұрыннан бар АТЭЦ-1, 2, 3 негізгі жабдықтарының жұмыс істеуін есепке алып қала электр станцияларының генерациялық қуатын алу.

Максимальді варианты - Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген "2030 жылға дейін электр энергетикасын дамыту бағдарламасы" және 2005 жылға дейін Қазақстан Республикасының энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралар Жоспарына сәйкес.

Қуаттың анықталған тапшылығының орнын жабу үшін келесі көздерді кезең бойынша жүзеге асыру ұсынылады: болашақтағы 10-15 жылға Екібастұз ГРЭС-нен 500 Мвт дейін алуға болады, ал ары қарай жүйелерді 500кВ-800 МВт дейін дамыту.

Қазақстанның үш оңтүстік облыстарының қуат тапшылығының орнын толтыру үшін Шығанақ алаңында базалық электр стансасын салу варианты ұсынылады.

Қаланың электр энергиясы жүйесін дамытудың негізгі бағыттары болып табылады:

бұрыннан тұрған құрылыс аймағында электр жүйелері мен ғимараттарын қайта жаңғырту, техникалық қайта жарақтау, әуе ЛЭП кабельді жүйеге ауыстыру;

қала жүйелері арқылы 35-110 кВ транзитті қуаттылығын азайту есебінен желілердегі шығынды кеміту;

жаңа құрылысты электрмен жабдықтау үшін жабық үлгідегі жаңа ПС 110/10 кВ. салу;

кернеуі 220 кВ және одан жоғары сыртқы жүйелерді құрайтын желілерді дамыту, екі ПС 220/110 кВ салу және қала айналасында 220 кВ электр берілісі жоғары вольтті желілерінің айналмасын қалыптастыруды аяқтау;

электр энергиясын пайдаланудың дифференциалдық тарифін енгізіп барлық тұтыну саласында электр сақтау шараларын енгізу.

Газбен жабдықтау

Бас жоспарда тұтынушылардың барлық категорияларын толық көлемде есепті мерзімге табиғи газбен қамтамасыз ету мәселелері шешілуде. Газбен жабдықтау

жүйелерінің объектілері мен құрылыстарын орналастыру бойынша нормативті құжаттардың талаптарын сақтай отырып газ пайдалануды қамтамасыз ету үшін жобада қарастырылады:

істеп шығару қабілеті 690 мың м³/сағ және 550 мың м³/сағ "ГРС-3" және "ГРС-2А" екі газ тарату стансаларын салу;

ГРС-1 және ГРС-2 жоғары қысымдағы газреттегіш жұмыс тәртібіне ауыстырып қайта жаңғырту;

"ГРП котельных ЗТК" және "ГРП котельной Орбита" басты екі газреттегіш пункттерін салу;

жаңа құрылыс аудандарында ГРП және ШРП салу және құрастыру;

жобаланатын және қайта жаңғыртылатын аудандарда жоғары, орташа және төмен қысымдағы газ құбырларын төсеу.

Бас жоспарда газ шығынының есебі 2 вариантта жасалған: энергия көздерін толық көлемде тұтынуды есепке алып газдың максималды шығының 1085,0 мың.куб.м/сағ, АТЭЦ-2 тұтынуын есепке алмай (1 вариант) және солтүстік қазандықта (2 вариант) шығын есебі 785,8 мың.куб.м/сағ. құрайды.

Қоршаған ортаны қорғау

Бас жоспарда экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мұқтаждықтарды теңгеру есебінен қала және қала маңы аймағын дамытуға бағытталған Алматының экологиялық жағдайын жақсарту бойынша қалақұрылыстық шаралар кешені көрсетіледі. Қаланың әуе алабының жағдайын жақсарту үшін автомобиль көліктерінің қалдықтарын шектеу, нормативтен тыс қалдықтарды жою,

аэрациялық тәртіптің үйлесіміне аумақ ұйымдастыру бойынша шаралар кешенін өткізу қажет. Қоршаған ортаны қорғау бойынша қалақұрылыстық шаралар кешеніне кіреді: шудан қорғау, жерасты және үстіңгі суларды қорғау, қар көшкініне қарсы шаралар, селге қарсы шаралар, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қала аумағынан шығару, өсімдіктерді қорғау.

II-ші шақырылған Алматы
қалалық Мәслихатының
XIII сессиясының
төрағасы

К. Әбдрахманов

II-ші шақырылған Алматы
қалалық Мәслихатының

хатшысы

Ж. Төрегелдинов

II-ші шақырылған

Алматы қалалық

Мәслихатының

XIII сессиясының

2001 ж. 31 қазан

шешіміне N 3 қосымша

Алматы қаласын дамытудың бас жоспарының негізгі
техникалық-экономикалық көрсеткіштері

1 кесте

N р/б!	Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі!	Негізгі жыл	2005 ж.	2020 ж.
1	2	3	4	5	6
1	Аумақ				
1.1	Қала сызығы шекарасындағы қала жерлері олардың ішінен функционалдық аймақтар	мың.га	29,4	29,4	29,4
1.1.1	Тұрғын аймақ	мың.га	11,9	13,0	14,1
	1 адамға есептегенде	м ²	106	110	108
1.1.2	Қоғамдық-іскерлік аймақ	мың.га	1,1	1,7	2,6
	1 адамға есептегенде	м ²	9	15	20
1.1.3	Өндірістік аймақ	мың.га	3,6	3,5	3,0
	1 адамға есептегенде	м ²	32	29	23
1.1.4	Арнайы мақсаттағы аймақ	мың.га	0,2	0,2	0,2
	1 адамға есептегенде	м ²	2	2	2
1.1.5	Ландшафттық-рекреациялық аймақ	мың.га	1,0	1,2	2,7
	1 адамға есептегенде	м ²	9	10	21
1.1.6	Ауылшаруашылық пайдалану аймағы	мың.га	0,8	0,8	0,8
	1 адамға есептегенде	м ²	7	7	6
1.1.7	Тәртіптік объектілер аймағы	мың.га	0,7	0,7	0,7
	1 адамға есептегенде	м ²	6	6	5
1.1.8	Қалған жерлер	мың.га	10,2	8,3	5,4
	1 адамға есептегенде	м ²	90	70	41
2	Халық				
2.1	Халық саны	мың.ад.	1129,3	1180,0	1300,0

2.2	Халықтың жас құрылымы	%	100,0	100,0	100,0
	0-15 жыл	%	22,5	18,8	19,3
	еңбекке жарамды жасы (әйелдер 16-57 жас, еркектер 16-62 жас)	%	64,2	68,2	66,7
	еңбекке жарамсыз жас	%	13,3	13	14,0
2.3	Еңбек ресурстары, барлығы	мың.ад.	773,6	857,9	945,1
2.3.1	Экономикалық белсенді халық, барлығы	мың.ад.	631,8	698,5	756,6
	*Экономика саласында істейтіндер	мың.ад.	543,6	615,9	717,6
	- қала құру тобында	мың.ад.	189,5	234,8	327,6
	- қызмет көрсету тобында	мың.ад.	354,1	381,1	390,0
	олардың ішінен: дербес жұмыс істейтін халық	мың.ад.	191,1	199,4	130,0
	* Жұмыссыздар	мың.ад.	88,2	82,6	39,0
2.3.2	Экономикалық белсенді емес халық	мың.ад.	141,8	159,3	188,5
	соның ішінде:				
	*Өндірістен қол үзіп оқитын еңбекке жарамды жастағы оқушылар	мың.ад.	98,7	106,2	123,5
	*Экономикалық қыз. және оқумен айналыспайтын еңбекке жарамды жастағы еңбекке жарамды халық	мың.ад.	43,1	53,1	65,0
3	Тұрғын үй қоры				
3.1	Тұрғын үй қоры, барлық жалпы алаңы	млн.ш.м	21,12	22,71	27,46
		%	100,0	100,0	100,0
	соның ішінде:				
	*көпқабатты	млн.ш.м	14,73	15,19	18,45
		%	70	67	67
	олардың ішінен биік қабатты	млн.ш.м	3,01	3,26	6,15